



MAHKAMAH KONSTITUSI
REPUBLIK INDONESIA

**ИНДОНЕЗИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ
ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ
АРАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМЫ**

Бұдан әрі «Тараптар, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын, Индонезия Республикасының Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі,

болашақ институционалдық ынтымақтастық үшін барабар құралдарды одан әрі нығайту және қамтамасыз ету мақсатында екіжақты ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып,

Тараптар арасындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу әдістерінің кеңеюі және жандандырылуы екі елде адам құқықтарын қорғау, демократияны нығайту және құқық үстемдігін жүзеге асыруға ықпалдасу үшін өзара тиімді болатынын сезіне отырып,

келесі өзара түсіністікке қол жеткізді:

1-бап

Меморандум мақсаты

Осы өзара түсіністік туралы Меморандумның (бұдан әрі – «Меморандум») мақсаты конституциялық құқық саласындағы ынтымақтастық үшін негізді қамтамасыз ету болып табылады.

2-бап

Ынтымақтастық саласы

Осы Меморандум негізінде Тараптар келесі салаларда ынтымақтасатын болады:

а. Конституциялық сот төрелігі саласында өзара ақпарат және тәжірибемен алмасу;

б. Тараптар өз құзыреті шегінде қабылдаған актілермен, құқықтық сипаттағы өзге де материалдармен, сондай-ақ ережелермен алмасу;

с. Өзара қызығушылық тудыратын құқықтық мәселелер бойынша конференциялар, конгрестер, семинарлар және/немесе басқа да іс-шаралар ұйымдастыру;

д. Өзара сапарлар, кәсіби курстар, тренингтер, тағылымдамалар және бірлескен зерттеулер арқылы институционалдық әлеуетті арттыру;

е. Тараптардың келісімі бойынша ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

3-бап

Өзара әрекеттесу

1. Осы Меморандумды іске асыру үшін Тараптар арасындағы өзара әрекеттесулер Тараптардың Хатшылықтарына жүктеледі.

2. Тараптар хат жазысуды жеңілдету және осы Меморандумды жүзеге асыру жөнінде қажетті дайындық жүргізу үшін өздерінің байланыс офицерлері ретінде аппараттарының бір немесе бірнеше қызметкерлерін тағайындайды.

4-бап

Қарым-қатынас тілі

1. Тараптар арасындағы өзара әрекеттесу ағылшын тілінде жүргізіледі.

2. Егер екі Тарап өзге туралы уағдаласпаса, әкімшілік құжаттар ағылшын тілінде жасалады.

5-бап

Құқықтық мәртебесі

Осы Меморандум халықаралық құқыққа сәйкес заңдық міндетті халықаралық шарт немесе келісім ретінде қаралмайды.

6-бап

Дауларды реттеу

Тараптар осы Меморандумды түсіндіруге байланысты туындайтын кез келген дауларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

7-бап

Түзетулер

Осы Меморандумға кез келген түзетулер мен толықтырулар Тараптардың өзара жазбаша келісімі негізінде енгізілетін болады. Мұндай түзету және қайта қарау Тараптар өзара келіскен күннен бастап күшіне енеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

8-бап


Күшіне енуі

1. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Егер Тараптардың ешқайсысы тиісті бес жылдық кезең аяқталғанға дейін үш ай бұрын оның қолданылуын тоқтату туралы жазбаша нысанда мәлімдемесе, Меморандумның қолданылуы автоматты түрде келесі бес жылға ұзартылады.

2. Осы Меморандум Тараптардың кез келгені екінші Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен бұзылуы мүмкін.

2019 жылғы 2 қарашада Балиде Индонезия, қазақ және ағылшын тілдерінде үш түпнұсқа данада қол қойылды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің басым күші болады.

Индонезия Республикасы
Конституциялық Сотының
Бас судьясы



Анвар Усман

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы



Қайрат Мәми